

Лот №1. «Ксерокөшірме қызметтері үшін орындарды жалға беру»

Жұмыс уақыты: қосымшаға сәйкес.

Қызмет көрсету мерзімі: Комиссия шешіміне сәйкес, келісім шартқа отырған күннен бастап - 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Жалға алушыға қойылатын талаптар:

1) Тапсырыс беруші «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесімен осы хабарламаның қосымшасында белгіленген алаңға сәйкес (1-текше метрге) жалға алу келісім шартына отыруға міндетті; Тапсырыс беруші «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» қызметкерлері осы жалға алуға қатысуы шектеледі.

2) Ксерокөшірме қызметтері үшін кеңсе қағаздары форматтарының көлеміне және кітап, журналдардың көшірмелері үшін бекітілген бағалары көрсетілуі шарт;

3) 1-текше метрге баға ұсынысы болуы керек;

4) Жалға алынған алаң көлемінде кеңсе тауарларын сату мақсатында олардың ассортименттері бағаларымен көрсетілуі керек (дайын өнім, тағамдар, сусындар, полуфабрикаттар сатуға тыйым салынады);

5) Кеңсе тауарларының бірлік бағасы нарық құнының 10%-нан аспауы тиіс;

6) Жалға алушы ҚР Бас санитары қаулысының талаптарын орындауға міндетті;

Қатысу шарттары: Жалға алуға қатысуға баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өтінім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
2. Әлеуетті өтінім берушінің мемлекеттік кіріс органдарында берешегі жоқ туралы анықтамасы;
3. Әрбір кеңсе тауарларының түрлеріне бағасымен, сонымен қатар ксерокөшірме жасалынатын қағаздардың форматына сай (А4, А3, кітаптар, журналдар) бірлік бағалары көрсетілуі тиіс;
4. Әрбір жалға алушы тұлғалар конкурстық өтінімдердің аяқталу мерзіміне дейін конверттер ұсынуы шарт. Конверттің желімделген бөлігінде тиісті тұлғаның қолы, мөрі басылуы тиіс. Әрбір парақтар сандық жүйе бойынша нөмірленуге тиіс, сонымен қатар жалға алуға баға ұсыныстары қоса берілуі шарт;

Комиссия мүшелерінің шешімімен келесі шарттардың бәріне немесе үстем бөлігіне сәйкес келетін конкурс қатысушыларының арасынан жеңімпаз тұлға анықталады:

- Кеңсе тауарлары мен көрсетілетін қызметтердің бағалары, жалға алушы тұлғаның жалға алынатын орынға ұсынған баға көрсеткіші **басты талап болып табылмайды.**

Конкурсқа қатысуға ниетті әлеуетті өтінім берушілердің құжаттары Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, №29В ректорат ғимараты, 210 кабинетінде қабылданады. Хабарландыру университеттің сатып алу сайтында жарияланған күннен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде өтінімдер қабылданады. (26.12.2024ж сағат 18:00 ге дейін) Комиссия отырысы **27.12.2024ж сағат 18:00**-де ректорат ғимаратының **201** кабинетінде өткізіледі.

№1 Университеттің ғимараттарына ксерокөшірме қызметтері үшін жалға берілетін орындар.

№	Жалға берілетін орны	Мекен –жайы	1-текше метрге бекітілген шекті баға,тг	Жалпы ауданы	Жалпы бағасы,тг
1	№2 оқу ғимараты	Университет қалашығы Б.Саттарханов 29 В	4200	15-м ²	63 000
2	№3 оқу ғимараты	Университет қалашығы Б.Саттарханов 29 В	4200	7-м ²	29 400
3	Ғылыми кітапхана	Университет қалашығы Б.Саттарханов 29 В	4200	3-м ²	12 600

